Бөлім:	Конституция негіздері	
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	12.10.2026 (5A) 09.10.2026 (5L) 07.10.2026 (5C) 02.10.2026 (5K) 29.09.2026 (5E) 06.10.2026 (5H) 30.09.2026 (5B) 05.10.2026 (5D)	
Сынып: 5 A,B,C,D,E,H,K,L	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Конституцияда кепілдік берілген жеке құқықтарым қандай?** Зерттеу сұрағы: Конституция мен заңнамада менің құқықтарым қалай қорғалады?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Конституцияда кепілдік берілген жеке құқықтарды түсініп, күнделікті өмірдегі жағдаяттарда қолдана білу.	
Сабақтың мақсаты	Конституцияда кепілдік берілген негізгі жеке құқықтарды атайды; құқықтарды Конституция баптарымен сәйкестендіреді; өмірлік жағдаяттарда қай құқық бұзылғанын анықтап, шешім ұсынады.	
Құндылықтар	Құрмет, әділет, теңдік, еркіндік, жауапкершілік, адамгершілік, қамқорлық.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 3 минут	Оқушылармен амандасады. Сабаққа дайындығын тексереді. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады.	Сабаққа дайындалады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатына назар аударады.	ҚБ: ауызша мадақтау.	Оқу материалы
Өткен білімді еске түсіру 5 минут	**Қызығушылықты ояту.** «Құқық дегеніміз не?», «Қандай жеке құқықтарды білесің?», «Конституция не үшін қажет?» сұрақтарын қояды. Оқу материалындағы «Білу маңызды!» бөліміне назар аудартады.	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын ортаға салады. Конституцияның адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтынын айтады.	ҚБ: мұғалім оқушы жауаптарына ауызша кері байланыс береді.	Оқу материалы

Жаңа білім 7 минут	**Оқу материалымен жұмыс.** Конституцияның «Адам және азамат» тарауындағы жеке құқықтар туралы мәліметті түсіндіреді. 12–39-баптар аясындағы өмір сүру, жеке бостандық, заң алдында теңдік, жеке өмірге қол сұқпау, жеке деректерді қорғау, жүріп-тұру, пікір мен сөз бостандығы, білім алу, денсаулық сақтау, еңбек ету және балалар құқықтарын қорғау мысалдарын қарастырады. Құқық бұзылған жағдайда ересек адамға, ата-анаға, мұғалімге, тиісті ұйымдарға көмек сұрап жүгінуге болатынын түсіндіреді.	Оқу материалын оқиды, негізгі құқықтарды атайды және олардың күнделікті өмірдегі көріністерін талқылайды.	ҚБ: сұрақ-жауап арқылы түсіну деңгейі тексеріледі.	Оқу материалы
Тапсырма №1 Жеке жұмыс 6 минут	**«Біліміңді еске түсірейік!» тапсырмасын орындатады.** Жұмыс парағындағы құқықтарды Конституция баптарымен сәйкестендіруді ұсынады.	Жұмыс парағындағы құқықтарды берілген Конституция баптарымен сәйкестендіреді.	**Дескриптор:** құқықтарды тиісті Конституция баптарымен сәйкестендіреді.	Жұмыс парағы
Тапсырма №2 Жұптық жұмыс 10 минут	**«Ситуациялық тапсырмалар» бөлімін жұппен орындатады.** Әр жағдаят бойынша: «Қай құқық бұзылды?», «Конституцияның қай бабы?», «Шешімі қандай?» сұрақтарына жауап беруді тапсырады. Айжанның өз ойын айтуына тыйым салу, Мараттың достарымен кездесуге шектеу қою, ауылда медициналық көмектің қолжетімсіз болуы, ұлт пен тілге байланысты мазақтау, суретті рұқсатсыз жариялау жағдаяттарын талдатады.	Әр жағдаятты оқиды. Қай құқықтың бұзылғанын анықтайды, тиісті бапты жазады және мәселені шешудің қауіпсіз жолын ұсынады.	**Дескриптор:** 1. Бұзылған құқықты анықтайды. 2. Тиісті бапты жазады. 3. Жағдаятқа сәйкес шешім ұсынады.	Жұмыс парағы
Тапсырма №3 Топтық жұмыс 7 минут	**«Құндылық тапсырмалар» бөлімін орындатады.** А) құқықтарды құндылықтармен сәйкестендіруді; В) шеңбердегі сөздерден 5 құндылық таңдап, мағынасын жазуды; С) «Егер әркім өз құқықтарын құрметтесе, қоғамда қандай өзгеріс болар еді?» тақырыбында 3–4 сөйлем жазуды тапсырады.	Құқық пен құндылық арасындағы байланысты анықтайды. 5 құндылықты таңдап, мағынасын түсіндіреді. Құқықтарды құрметтеудің	**Дескриптор:** 1. Құқықтарды құндылықтармен сәйкестендіреді. 2. 5 құндылықтың мағынасын түсіндіреді.	Жұмыс парағы

		қоғамға әсері туралы қысқаша жазады.	3. Өз ойын 3–4 сөйлеммен жеткізеді.	
Тапсырма №4 Жеке жұмыс 4 минут	**Жұмыс парағындағы қорытынды тексеру тапсырмасын орындатады.** Оқушыларға оқу нәтижелері бойынша «Иә», «Жоқ», «Ішінара» нұсқаларының бірін белгілеуді және «Сен үшін ең маңызды құқық қайсысы? Неліктен?» сұрағына жауап жазуды ұсынады.	Өзінің тақырыпты меңгеру деңгейін белгілейді. Өзі үшін маңызды құқықты таңдап, себебін түсіндіреді.	ҚБ: оқушының жауаптары мен дәлеліне қысқаша кері байланыс беріледі.	Жұмыс парағы
Бекіту 3 минут	**Сабақты қорытындылау.** «Конституция қандай жеке құқықтарға кепілдік береді?», «Құқығың бұзылса не істеу керек?», «Өзгенің құқығын құрметтеу не үшін маңызды?» сұрақтарын қояды.	Сұрақтарға жауап береді, сабақтың негізгі ойын қорытындылайды.	ҚБ: ауызша жауаптар бойынша қорытынды бағалау.	Оқу материалы